

«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының
әдіскері Садис Г.К.Сагпазова

Тақырыптық ұйымдастырылған іс- әрекет
Тақырыбы: «Бағдаршамның шамдарын жағыңыз»

Өткізген: №1 " Күншуақ"
кіші тобының
тәрбиешісі: Тажигалиева М

2022- 2023 оқу жылы

Тақырыптық ұйымдастырылған іс- әрекет

Тақырыбы: «Бағдаршамның шамдарын жағыңыз»

Мақсаты: Балаларды жолда жүру ережесіне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Балалардың ойлау қабілетін арттыру. Балаларды жолда жүру ережесін мұқият сақтауға, үлкендердің айтқанын тыңдауға тәрбиелеу, қимылды ойынға қызығушылығын арттыру, ойын ережесін бұзбай ойнауға талпындыру.

Әдіс — тәсілі: Әңгімелеу, түсіндіру, дидактикалық ойын «Бағдаршам» сұрақ — жауап.

Көрнекілігі: бағдаршам, жол қауіпсіздігі туралы суреттер.

Тақырыптық іс- әрекеттің барысы:

Тәрбиеші:

-Балалар, бүгін жолда жүру ережелері туралы әңгімелесеміз. Мен сендерге жұмбақ жасырам, ал сендер шешуін табасындар.

Жасыл көзі «жүр» дейді.

Қызыл көзі «тұр» дейді

Сары көзі «дайын бол» дейді.

Бұл не? (**Бағдаршам**)

Балалар, бағдаршамның үш шамы бар.

- Мына "шамының" түсі қандай? (қызыл)

- Мына "шамының" түсі қандай? (сары)

- Ал мына "шамының" түсі қандай? (жасыл)

Тәрбиеші:

Дұрыс айтасындар балалар

Қазір мен бағдаршамның не үшін керек екенін айтып берейін. Сендер мұқият тыңдап алындар. Бағдаршам бізге жолдан өтуге көмектеседі. Жолдан үлкендердің көмегімен өту керек. Үлкендердің қолынан қатты ұстау керек. Жолдан жүгіріп өтуге болмайды.

-Бағдаршамның үш шамы — үш түрлі. Бағдаршам бар жерде адамдар өтетін ақ жолақтар болады. Біз осы ақ жолақтар үстімен жүріп, жолдан өтуіміз керек. Алдымызда бағдаршамның жасыл шамы жанса, біз жүреміз. Сары шамы жанса күтіп тұрамыз. Қызыл шамы жанса, жолдан өтпейміз.

-Ендеше балалар, «Бағдаршам» ойынын ойнаймыз.

Мақсаты:

Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.

Шарты: Балалар қызыл түсті дөңгелекті көрсеткенде тыныштық сақтайды, ал сары түсті дөңгелекті көрсеткенде алақандарын соғады, ал жасыл түсті дөңгелекті көрсеткенде жүреді.

- Жарайсындар балалар, ойын сендерге ұнады ма?

-Ендеше балалар, іс- әрекетімізді ары қарай жапсырумен байланыстырайық! «Бағдаршамның шамдарын» ақ қағазға рет- ретімен орналастырайық!

Балалар "бағдаршамның шамдарын" рет ретімен жапсырады.

Тәрбиеші: жарайсындар балалар. Бәріміздің бағдаршамымыз дайын болды.

Тәрбиеші:

Қанеки балалар торғайлар мен автомобильдер ойынын ойнайық.

Қимылды ойын: Торғайлар мен автомобильдер.

Мақсаты:

Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа үйрету. Қимылды ойынға қызығушылығын арттыру, ойын ережесін бұзбай ойнауға талпындыру.

Керекті құралдар: торғайдың және автомобильдің бетперделері.

Ойын ережесі: Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Педагог торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді.

Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады.

Ойын 2-3 рет қайталанады.



